# ОЖСӨЖ 9 АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДІҢ СОТТЫЛЫҒЫ

Орындаған:Студент Мералы Ислам
ПД-313
Тексерген:Калияуов Женис Тлеугазыевич

# НЕГІЗГІ СҰРАҚТАР:

- Азаматтық істердің соттылығының түсінігі, түрлері.
- Азаматтық істердің соттылығының өзгертілуі.
- Ерекше соттылық.
- Шарттық соттылық.
- *Өзара байланысты бірнеше істің соттылығы*

# Соттылық түсінігі

***Соттылық*** дегеніміз сотқа ведомствалық бағынысты азаматтық істерді қарау мен шешу барысындағы нақты бірінші сатыдағы соттың пәндік құзыреті.



# Соттылық түрлері

Соттылық

Топтық

Аумақтық

# ҚР сот жүйесі

Жоғарғы Сот

Жергілікті соттар:

1.облыстық және оларға теңестірілген(астана қалалық соты,республикалық маңызы бар қалалар соты).

2.аудандық және оларға теңестірілген(қалалық,ауданаралық).

3.мамандандырылған соттар.

**Аумақтық соттылық** – сотта істі қарау аумағына байланысты осы соттың құзыретіне жатқызылған соттылық.

**Аумақтық соттылықтың мынадай түрлері бар:**

а) *жалпы* (ҚР АІЖк-ң 31- б.)
ә) *балама* (ҚР АІЖк-ң 32-б.)
б) *ерекше* (ҚР АІЖк-ң 33-б.)
в) *шарттық* (ҚР АІЖк-ң 34-б.)
г) *істің байланыстылығы бойынша соттылық* (ҚР АІЖк-ң 35-б.).

Аумақтық соттылықтың мынадай түрлері бар:

а) *жалпы* (ҚР АІЖк-ң 31- б.)

ә) *балама* (ҚР АІЖк-ң 32-б.)

б) *ерекше* (ҚР АІЖк-ң 33-б.)

в) *шарттық* (ҚР АІЖк-ң 34-б.)

г) *істің байланыстылығы бойынша соттылық* (ҚР АІЖк-ң 35-б.).

# Жалпы соттылық

Жалпы соттылық – жауапкердің тұрғылықты жері бойынша анықталатын соттылық.Заңды тұлғаға талап заңды тұлға органының орналасқан жері бойынша қойылады. *(ҚР АІЖК-нің 31-бабы);*

Балама соттылық – талап қоюшының таңдауы бойынша сотта іс қарау соттылығы *(ҚР АІЖК-нің 32-бабы).*
*2016 жылдың 1 қаңтарында заңды күшіне енетін ҚР АІЖ кодексінде(30-бап.Талапкердің таңдауы бойынша соттылық) біраз өзгертулер енгізілді.*
Балама соттылыққа байланысты енген нормалар:
1. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін өндіру туралы талаптар талапкердің тұрғылықты жері немесе жауапкердің орналасқан жері бойынша қойылуы мүмкін.
2. Бірнеше жауапкерге талаптар талапкердің таңдауы бойынша жауапкерлердің бірінің тұрғылықты немесе орналасқан жері бойынша қойылады.

Ерекше соттылық – белгілі істерді заңда көзделген соттармен қарау соттылығы (ҚР АІЖК-нің 33-бабы).
1.Жерге тығыз байланысты объектілерге (жылжымайтын мүлік) құқықтар туралы, мүлікті тыйым салудың босату туралы талаптар осы объектілер немесе тыйым салынған мүлік орналасқан жер бойынша қойылады.
2. Мұра қалдырушыға кредит берушілердің мұраны мұрагерлердің қабылдап алуына дейін қойылған талаптары мұраға қалдырылған мүлік немесе оның негізгі бөлігі орналасқан жердегі соттың соттауына жатады.
3. Тасымалдаушыларға жүктер, жолаушылар немесе теңдеме жүкті тасымалдау шарттарынан туындайтын талаптар көлік ұйымының тұрақты жұмыс істейтін органы орналасқан жер бойынша қойылады.
4. Қазақстан Республикасының және оның меншігінің юрисдикциялық иммунитетін шет мемлекеттің бұзуынан келтірілген залалдарды өтеу туралы талап қоюлар, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, талап қоюшының тұрған жері бойынша беріледі.



Ерекше соттылық – белгілі істерді заңда көзделген соттармен қарау соттылығы (ҚР АІЖК-нің 33-бабы).
1.Жерге тығыз байланысты объектілерге (жылжымайтын мүлік) құқықтар туралы, мүлікті тыйым салудан босату туралы талаптар осы объектілер немесе тыйым салынған мүлік орналасқан жер бойынша қойылады.

2. Мұра қалдырушыға кредит берушілердің мұраны мұрагерлердің қабылдап алуына дейін қойылған талаптары мұраға қалдырылған мүлік немесе оның негізгі бөлігі орналасқан жердегі соттың соттауына жатады.

3. Тасымалдаушыларға жүктер, жолаушылар немесе теңдеме жүкті тасымалдау шарттарынан туындайтын талаптар көлік ұйымының тұрақты жұмыс істейтін органы орналасқан жер бойынша қойылады.

4. Қазақстан Республикасының және оның меншігінің юрисдикциялық иммунитетін шет мемлекеттің бұзуынан келтірілген залалдарды өтеу туралы талап қоюлар, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шартында өзгеше көзделмесе, талап қоюшының тұрған жері бойынша беріледі.

Шарттық соттылық – тараптардың келісімдері бойынша белгіленетін соттылық *(ҚР АІЖК-нің 34-бабы)*.Тараптар өзара келісім бойынша аталған істі қай соттың қарайтынын аумақтық жағынан өзгерте алады. Осы Кодекстің 33-бабында(ерекше соттылық) белгіленген істің соттылығын тараптардың келісімімен өзгертуге болмайды.



Істің байланыстылығы бойынша соттылық – аумағына қарамастан дау алғашқы талап қаратырылған сотта шешілуі *(ҚР АІЖК-нің 35-бабы)*. Мәні:

1. Әр жерде тұратын немесе орналасқан бірнеше жауапкерге талап талап қоюшының таңдауымен жауапкердің біреуі тұратын немесе орналақан жері бойынша қойылады.
2. Дербес талабын мәлімдеуші үшінші тұлғаның талабы және қай сотта сотталатындығына қарамастан қарсы талап бастапқы талапты қараған жердегі сотқа беріледі;
3. Қылмыстық істен туындайтын талап, егер ол қылмыстық іс жүргізілген кезде азаматтық талап қою ретінде мәлімделген немесе шешілмеген болса, ҚР АІЖК-мен белгіленген соттылығы туралы ережелер бойынша азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен карауға беріледі.

